

«Еуразиялық банк» АҚ:

«Сіздің де армандарыңыз орындалсын» акциясын өткізу талаптары

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Сіздің де армандарыңыз орындалсын» акциясын (бұдан әрі — Акция) ұйымдастырушысы — «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі — Банк).
- 1.2. Акцияны өткізу кезеңі: 2019 жылғы 24 маусым - 30 қыркүйек аралығы.
- 1.3. Жарнамалық Акцияның қатысушылары: Акция өткізу кезеңінде кепілсіз кредит (тауарлық кредит пен кредиттік карталардан басқа) ресімдеген 75 жастан аспаған (кредиттің әрекет ету мерзімі аяқталатын сәтте) жасы бойынша немесе қызмет өткерген жылдарына байланысты шыққан зейнеткерлер.
- 1.4. Осы Акцияны өткізу талаптары (бұдан әрі - Талаптар) Акция өткізу, Акцияға қатысу, Акция жеңімпаздарын анықтау тәртібін, сондай-ақ жүлделер тапсыру тәртібін анықтайды. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.
- 1.5. Акцияға Банктің қызметкерлері, Банкпен ерекше қатынастармен байланыста тұрған тұлғалар, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың жақын туыстары қатыспайды.
- 1.6. Жарнамалық Акция ҚР-ның барлық аймақтарында өткізіледі.

2. Жүлде қоры

- 2.1. Акцияның жүлде қоры Банктің шығыстары есебінен құралады және тек Акцияға арналған жүлде қорын сатып алуға пайдаланылады.
- 2.2. Акцияның жүлде қоры: 1-орын – 2 бірінші орын Toyota Corolla автокөлігі (әр бірінші орын иесіне бөлек), 2-орын – ҚР шегінде 2 адам үшін шипажайға 1 (бір) жолдама (жолдама сомасы 700 000 теңгеден аспауы тиіс), 3-орын – серіктестің гипермаркетінде құрылыс материалдарын сатып алуға номиналы 500 000 теңгені құрайтын 1 (бір) сертификат, 4-орын – серіктестің дүкендер желісінде тұрмыс техникасын сатып алуға номиналы 400 000 теңгені құрайтын сертификат, бір мезгілде — 2019 жылғы 14 қыркүйекте ойналады. Жеңімпаздар туралы ақпарат 28-күннен кешіктірілмей, нотариусты шақыру арқылы ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін сайтта жарияланады.
- 2.3. Жүлде қорының сыртқы түрі жарнамалық материалдардағы суреттемелерден, оның ішінде Банктің сайтында, әлеуметтік желілерде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылған суреттемелерден өзгеше болуы мүмкін.
- 2.4. Ұйымдастырушы жүлдені алуға байланысты жеңімпаздарда туындайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық міндетті салықтарды төлеу міндеттемесін өзіне қабылдайды.
- 2.5. Банк жүлде қорының ақшалай баламасын бермейді.
- 2.6. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүлде қорын алу құқығы үшінші тұлғаға берілуі мүмкін емес.

3. Жарнамалық Акция туралы ақпарат

3.1. Осы Акция туралы ақпарат келесі тәсілдер арқылы таратылады:

- жарнаманы ТВ, радио, БҰҰ-да, баспасөзде орналастыру;
- жарнаманы БАҚ және интернетте орналастыру;
- Банктің eubank.kz ресми сайтында орналастыру;
- жарнаманы полиграфиялық өнім шығару арқылы тарату;
- жарнаманы банкоматтар мен терминалдарда орналастыру.

4. Жарнамалық Акцияға қатысу ережелері

4.1. Акцияға Қазақстан Республикасының азаматтары - 75 жастан аспаған (кредиттің әрекет ету мерзімі аяқталатын сәтте) жасы бойынша немесе қызмет өткерген жылдарына байланысты шыққан зейнеткерлер қатысады.

4.3. Зейнеткерлер қатысу үшін Акция өткізу кезеңінде кепілсіз кредит (тауарлық кредит пен кредиттік карталардан басқа) ресімдеулері қажет.

4.8. Клиент сауалнамада көрсетілген деректер (ұялы телефон нөмірі, аты-жөні) үшін өздігінен жауап береді.

4.9. Акция жеңімпаздарының жүлде қорын алуы оның Банк алдындағы міндеттемелерін тоқтатпайды.

4.10. Мерзімі кешіктірілген берешегі бар клиенттер жеңімпаздар тізімінен шығарылады.

5. Ұтыс ойынын жүргізу тәртібі

5.1. Акция бойынша жүлде қорының ұтыс ойыны осы Талаптардың 2.2. тармағында көрсетілген мерзімде нотариустың қатысуымен, Акцияға қатысушылар жіберілмей, Банктің келесі мекенжайдағы бас офісінде жүргізіледі: Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 176.

5.2. Акцияға қатысушылар арасында ұтыс ойынын жүргізу үшін Банк кемінде 3 (үш) мүшеден және сырт нотариустан тұратын комиссия құрады.

5.3. Комиссия мүшелерінің міндеттеріне мыналар кіреді:

- Акцияның жүлде қорының ұтыс ойынын жүргізу;
- жеңімпаздардың резервтік тізімін құрастыру;
- жеңімпаздар көрсетілген тиісті хаттамаға қол қою арқылы Акция қатысушылары арасында ұтыс ойынын жүргізу нәтижелерін растау.

5.4. Акция қатысушылары арасындағы ұтыс ойыны Акция өткізу кезеңінде Банктің дерекқорында тіркелген қатысушының кредиттік шартының бірегей нөмірін бағдарламалық жасақтаманың көмегімен кездейсоқ анықтау қағидатына негізделеді және комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

5.5. Кездейсоқ сандарды іздестіру алгоритмі бар БЖ кредиттік шарттың нөмірін таңдайды, ол экран бетінде бекітіледі және Акция Жеңімпаздары мен Жеңімпаздардың резервтік тізімін анықтайды.

5.6. Ұтыс ойыны аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері кредиттік шарттардың БЖ анықтаған ұтыс нөмірлерін белгілейді.

5.7. Ұтыс ойынын жүргізу нәтижелерін комиссия ұтыс ойыны қорытындыларының барлық комиссия мүшелері қол қоятын тиісті хаттамасына енгізеді.

5.8. Егер негізгі тізімдегі қатысушылар осы Талаптардың 4-тарауында көрсетілген ережелерді орындамаса, Банк мұндай жеңімпазды межелер бойынша сәйкес келетін жеңімпаздардың резервтік тізіміндегі жеңімпазға ауыстырады.

5.9. Ұтыс ойының қорытындылары ұтыс ойыны жүргізілгеннен кейін 2019 жылғы 28 қыркүйектен кешіктірілмей, eubank.kz сайтында жарияланады.

5.10. Жүргізілген ұтыс ойындарының нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қарастырылмайды.

6. Жүлде қорын алу тәртібі және мерзімі

6.1. Акцияның әрбір қатысушы Банктің eubank.kz сайтында жарияланатын ұтыс ойынының қорытындыларымен өздігінен таныса алады.

6.2. Ұтыс туралы әрбір жеңімпаз ұтыс ойыны жүргізілгеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде ұялы байланыс арқылы (сауалнамада көрсетілген мобильдік нөмірге қоңырау соғу арқылы) хабардар етіледі.

6.3. Егер сауалнамада көрсетілген байланыс деректері бойынша жеңімпазбен байланыс жасау мүмкін болмаса, Банк оның орнын артықшылықты тәртіппен резервтік тізімдегі жеңімпазбен ауыстыруға құқылы болады, бұл ретте бұл жөнінде негізгі тізімдегі жеңімпазға хабарланбайды.

6.4. Егер жеңімпаз ұтыс туралы хабардар болғаннан кейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде жүлдені алуға келмесе, Банк жүлдені өз қарастыруы бойынша пайдалануға құқылы болады. Бұл ретте жеңімпаз жүлдеге ие болу құқығынан айрылады.

6.5. Осы Талаптардың 2.1. бөлімінде көрсетілген Акцияның жүлде қорын алу үшін Жеңімпаз ұтыс туралы хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде Банктің көрсетілген бөлімшесіне келесі аталған қажетті құжаттарды (түпнұсқаларын) тапсыруы тиіс: ҚР заңнамасына сәйкес жеке басын куәландыратын құжат пен кредиттік шарттың түпнұсқасы.

6.6. Жарнамалық Акцияның жүлде қорына меншік құқығы Жеңімпаздарға жүлдені қабылдау актісі (№1 қосымша) бойынша жүлдені тапсырған сәтте өтеді.

6.7. Жеңімпаз жарнамалық Акцияның жүлде қорынан бас тартқан жағдайда Жеңімпаз жүлдеден бас тарту туралы актіні (№2 қосымша) толтырады.

6.8. Жүлде қорын тапсыру тек Қазақстан Республикасының аумағында ғана жүзеге асырылады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Акцияға қатысу фактісі қатысушының осы Талаптармен толық келісетінін растайды.

7.2. Банк жеңімпаздардың аты-жөндері мен суреттерін жарнамалық мақсаттарда пайдалануға, жүлделерді беру рәсімін өзгертуге және Акция туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы болады.

7.3. Банк кез келген сәтте алдын ала хабарламасыз және себептерін түсіндірмей, осы Талаптарды бұзатын тұлғаларды, оның ішінде:

- Акция қорытындыларын бұрмалауға бағытталған әрекеттер жасайтын;
- Банк алаяқтық, алдау немесе басқа да айлалы әрекет ретінде бағалайтын, Банк үшін және Акция Қатысушылары үшін қолайсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе соқтыруы мүмкін әрекеттерді жасайтын;
- Банктің, Акция Қатысушыларының атына кемсітетін және қорлайтын мін сөздер қалдыратын, Акция туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарататын тұлғаларды Акцияға қатысу мүмкіндігінен оқшаулауға құқылы болады.

7.4. Акция өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдар келесі мекенжайға жіберіледі: probank@eubank.kz. Банк түскен шағымдар бойынша осындай шағымдарды алғаннан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей шешім шығарады.

7.5. Банк кез келген уақытта Акцияны болдырмауға немесе мерзімін ұзартуға, сондай-ақ осы Талаптарды қажетіне қарай өзгертуге құқылы болады. Банк қатысушыларға Акция Талаптарын өзгерту туралы ақпаратты уақтылы хабарлайды.

«Еуразиялық банк» АҚ
«Сіздің де армандарыңыз
орындалсын» акциясын өткізу
талаптарына №1 қосымша

Жүлдені қабылдау актісі

Мен, _____
_____, _____ (құжатты берген орган)
_____ (күні) берген № _____ жеке
куәлік, ЖСН _____, «Еуразиялық банк» АҚ 24.06.2019 бастап
30.09.2019 бойынша кезеңде өткізген **«Сіздің де армандарыңыз
орындалсын»** акциясының Жеңімпазы болып табыламын және

жүлдесін алғанымды растаймын.

Күні _____ Қолы _____

Мен, _____
_____, «Еуразиялық банк» АҚ өткізген **«Сіздің де армандарыңыз
орындалсын»** акциясының жеңімпазы болып табыламын және аты-
жөнімді, суреттерімді және сұхбатты ақысыз негізде жарнамалық
мақсаттарда пайдалануға өз келісімімді беремін.

Күні _____ Қолы _____

«Еуразиялық банк» АҚ
**«Сіздің де армандарыңыз
орындалсын»** акциясын өткізу
талаптарына №2 қосымша

Жүлдеден бас тарту актісі

Мен, _____
_____, _____ (құжатты берген орган)
_____ (берілген күні) берген № _____
жеке куәлік, ЖСН _____, «Еуразиялық банк» АҚ 24.06.2019
бастап 30.09.2019 бойынша кезеңде өткізген **«Сіздің де армандарыңыз
орындалсын»** акциясының Жеңімпазы болып табылатыным жөнінде
хабардар болдым және осы арқылы жүлдені алудан бас тартамын.
Алдағы уақытта «Еуразиялық банк» АҚ қатысында наразылықтарым
болмайды.

Күні _____ Қолы _____